

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

### **Күшін жойған**

Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 25 қантардағы № 03 /02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 қантарда № 5172 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 2024 жылғы 13 маусымдағы № 22/01 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 13.06.2024 № 22/01 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы", 2010 жылғы 29 сәуірдегі "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Зандарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 тамыздағы № 1243 "Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге жәрдемдескен, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелебеу ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Нұра ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Мұратбек Дәлелханұлы Тұраевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндеттерін атқарушысы*

*M. Жуманов*

Нұра ауданы әкімдігінің

2019 жылғы "25" қантардағы

№ 03/02 қаулысына

қосымша

**Нұра ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері**

**1-тaraу. Көтермелебудің түрлері**

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйлықақы беру.

## **2-тарау. Көтермеледің тәртібі**

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледі мәселелерін Нұра ауданы әкімдігімен құрылатын қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледі жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарайды.

3. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермеледі туралы ұсынымды Комиссияға қарауға "Нұра ауданының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ПБ) енгізеді.

4. Комиссия қабылдаған шешім, көтермеледі үшін негіз болып табылады.

5. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін Комиссия қабылдаған шешімге сәйкес, қосымша ПБ бастығының бұйрығы шығарылады.

6. Көтермеледі түрлерін, соның ішінде, ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

7. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысқан азаматтарды көтермеледі ПБ салтанатты жағдайда жүзеге асырылады.

## **3-тарау. Ақшалай сыйақының мөлшері**

8. 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі ақшалай сыйақы.

9. ПБ ақшалай сыйақыны төлеуді облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді.